

"Қалалық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Теміртау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 08 қаңтардағы № 1/2 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 15/25 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес Теміртау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қалалық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Теміртау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 08 қаңтардағы № 1/2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2967 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 наурыздағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 31 наурыздағы № 13 "Құрыш қала kz" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Владимир Анатольевич Костюшинге жүктелсін.

Қала әкімі

Н. Сұлтанов